

ИНФОРМАТИКА

Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.

1. Суретте көрсетілген құрылғы



- A) сыртқы жады
- B) тұрақты есте сақтау
- C) кэш-жады
- D) жедел есте сақтау

2. Жіберу жылдамдығы 240000 бит/с-қа тең желіде 100 беттен, әр беті 30 жолдан, әр жолы 80 символдан тұратын хабарламаны жіберу уақыты

- A) 8 минут
- B) 8 секунд
- C) 4 секунд
- D) 6 секунд

3. Тұрақты жадтың маңызды микросхемасы

- A) BIOS
- B) ROM
- C) RAM
- D) CACHE

4. Сыйымдылығы үлкен есте сақтау құрылғысы

- A) лазерлік диск
- B) қатқыл диск
- C) жұмсақ диск
- D) иілгіш диск

5. Рендеринг үшін қолданылатын құрылғы

- A) RAM
- B) CPU
- C) ROM
- D) GPU


6. Компьютердің ішкі жадысымен тікелей жұмыс істейтін құрылғы

- A) монитор
- B) процессор
- C) динамик
- D) принтер

7. Ақпараттық және компьютерлік жүйелер саласында компоненттердің мақсатына, санына және негізгі сипаттамаларына негізделген белгілі бір құрамдас бөлшектер жиынтығы

- A) слот
- B) жинақтауыш
- C) конфигурация
- D) бейнекарта

8. Дербес компьютердің архитектурасының негізін ұсынды



- A) Б. Паскаль
- B) Ф. Нейман
- C) В. Лейбниц
- D) В. Шиккард

9. IP адресі көмектесе алмайды

- A) теріс пиғылды желі қолданушыларын анықтауға
- B) жергілікті желінің өткізу қабілетін арттыруға
- C) желіде жасалатын қылмыстарға тосқауыл қоюға
- D) Интернетке қосылған құрылғы мекен-жайын анықтауға

10. Компьютердің барлық құрылғыларын басқаратын құрылғы

- A) команда есептеуіші
- B) арифметикалық-логикалық құрылғы
- C) командалар регистрі
- D) басқару құрылғысы

11. Кестедегі өріс саны

name	id
Ali	3
Rauan	1
Tolkyn	4
Dimash	2

- A) 2
- B) 3
- C) 4
- D) 1

12. www.okulyk.kz адресіндегі сатып алуға болмайтын домен деңгейі

- A) .okulyk
- B) www
- C) .kz
- D) .okulyk.kz

13. Динамикалық IP адрес –

- A) құрылғыға уақытша беріледі
- B) өзгермейтін, тұрақты болып келеді
- C) қолданушы өзі тағайындайды
- D) сатып алуға болмайды

14. «Тең емес» салыстыру операторының жазылуы

- A) $x \neq y$
- B) $x < y$
- C) $x > y$
- D) $x == y$

15. HTML тіліндегі тегтер CSS кодының қай стилінде ұсынылған

```
<html>
<head>
<style>
body {background-color: powderblue;}
h1 {color: blue;}
p {color: red;}
</style>
</head>
<body>|

<h1>Тақырып атауы</h1>
<p> Мазмұн.</p>

</body>
</html>
```

- A) кірістірілген стиль
- B) ішкі стиль
- C) ендірілген стиль
- D) сыртқы стиль


16. Түрлі құрылғылар арасында кез келген бағытта деректер жіберетін шина

- A) логикалық
- B) басқару
- C) адрестік
- D) деректер

17. Он алтылық жүйеде берілген $58V_{16}$ санының екілік санау жүйесіндегі мәні

- A) 111001010_2
- B) 10110001011_2
- C) 10110011011_2
- D) 1101101011_2

18. Логикалық схемадағы вентиль атаулары, саны және шығыс мәні



- A) 2 дизъюнктор, 1 конъюнктор, 1 инвентор, 1
- B) 2 конъюнктор, 1 дизъюнктор, 1 инвентор, 0
- C) 1 конъюнктор, 2 дизъюнктор, 1 инвентор, 1
- D) 2 дизъюнктор, 1 конъюнктор, 1 инвентор, 0

19. Ернар көлемі 25 байт ақпаратты 5 секундта жіберу үшін, оған қажетті желінің өткізу қабілеті

- A) 125 байт/с
- B) 75 байт/с
- C) 125 бит/с
- D) 75 бит/с

20. Қолданбалы программа түрі

- A) Microsoft Visual C++
- B) Microsoft Excel
- C) Microsoft Windows
- D) Microsoft Visual Basic

21. Электрондық кестеде қолданылған шартты форматтау түрі

	A	B	C
1	Анель	11А	4,50
2	Талғат	10Ә	3,45
3	Інжу	7В	5,00
4	Санжар	9Д	4,30
5	Шолпан	8Г	3,80
6	Жұлдызай	6Б	4,80
7	Нұрай	5В	4,90
8	Күнім	10F	3,40

- A) бірінші және соңғы мәндерді іріктеу ережесі
- B) түрлі түсті шәкілдер
- C) ұяшықтарды ерекшелеу ережесі
- D) форматтаудың жаңа ережесін құру

22. Электрондық кестеде ашылмалы тізім әзірлеу үшін орындалатын бастапқы 3 команда

	A	B	C	D	E	F	G
1	Жеміс-жидек атаулары	Астана	Алматы	Шымкент	Тараз	Павлодар	Семей
2	Алма	540	350	280	180	420	460
3	Құлпынай	700	650	420	350	500	570
4	Қарбыз	400	250	200	240	340	420
5	Өрік	250	280	180	200	210	230
6	Алмұрт	250	230	180	160	260	350
7							
8	Тауар атауы	Қарбыз					
9	Қала атауы	Алма					
10		Құлпынай					
11		Қарбыз					
12		Өрік					
13		Алмұрт					


- A) Кірістіру (Вставка) – Сілтемелер (Ссылки) -Гиперсілтемелерді кірістіру
 B) Деректер (Данные) – Деректермен жұмыс (Работа с базами данных) – Бағандар бойынша мәтін (Текст по столбцам)
 C) Деректер (Данные) – Деректермен жұмыс (Работа с базами данных) - Консолидация
 D) Деректер (Данные) – Деректермен жұмыс (Работа с базами данных) - Деректерді тексеру (Проверка данных)

23. film кестесі берілген. Жас ерекшелігі PG-13 және ұзақтығы 60 минуттан аз болатын фильмдерді шығаратын сұраныс

	film_id	title	description	rating	length	rental_rate
▶	1	ACADEMY DINOSAUR	A Epic Drama of a Feminist And a Mad Scientist ...	PG	86	0.99
	2	ACE GOLDFINGER	A Astounding Epistle of a Database Administrat...	G	48	4.99
	3	ADAPTATION HOLES	A Astounding Reflection of a Lumberjack And a ...	NC-17	50	2.99
	4	AFFAIR PREJUDICE	A Fanciful Documentary of a Frisbee And a Lum...	G	117	2.99
	5	AFRICAN EGG	A Fast-Paced Documentary of a Pastry Chef An...	G	130	2.99
	6	AGENT TRUMAN	A Intrepid Panorama of a Robot And a Boy who...	PG	169	2.99
	7	AIRPLANE SIERRA	A Touching Saga of a Hunter And a Butler who ...	PG-13	62	4.99
	8	AIRPORT POLLOCK	A Epic Tale of a Moose And a Girl who must Con...	R	54	4.99

- `select * from film`
 A) `update rating = 'PG-13' and length<60`
`select * from film`
 B) `order by rating = 'PG-13' and length<60`
`select * from film`
 C) `select rating = 'PG-13' and length<60`
`select * from film`
 D) `where rating = 'PG-13' and length<60`

24. Дереккөз (Источник) өрісінде көрсетілген сілтеме түрі



- A) абсолюттік
- B) аралас
- C) гиперсілтеме
- D) салыстырмалы

25. HTML тілінде қолданылатын, көлденең сызық сызатын жұпсыз тегті көрсетіңіз

- A) <dt>
- B) <h1>
- C) <P>
- D) <HR>

Нұсқау: Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі.

Аделя мен Даяна автобуска кіріп билет алды. Жол ұзақ болғандықтан Аделя билетінің нөмір цифрларының қосындысын ойша есептеп отырды. Ол құрбысының да билетін алып есептеді. Содан кейін қосындыларды салыстырды. Аделя үйге келген соң, билеттің қосындыларын салыстыратын программа құруды шешті. Алайда, программада қате бар. Аделяға программаның қатесін табуға көмектесіңіз, ол үшін келесі тапсырманы орындаңыз.

```
x=int(input('1-san:'))
y=int(input('2-san:'))
sumn=0
sumn=0
while x>0:
    z=x%10
    z1=y%10
    sumn=sumn+z
    sumn=sumn+z1
    x=x//10
    y=y//10
print(sumn, '=', sumn)
print(sumn, '<>', sumn)
```

26. Программада қолданылған циклдік оператор

- A) while
- B) for
- C) input
- D) else

27. Программаға $x=4567206$, $y=7821045$ мәндерін енгізгенде шығатын нәтиже

- A) $20 = 37$
- B) $37 <> 20$
- C) $20 <> 37$ $20 = 37$
- D) $30 = 27$ $30 <> 27$

28. « $x=x // 10$ », « $z =x \% 10$ » өрнектері арқылы орындалатын амалдар

- A) санның қалдығын табу, санның бүтін бөлігін табу
- B) санның қалдығын табу, санның дәрежесін табу
- C) бөлу, санның бүтін бөлігін табу
- D) санның бүтін бөлігін табу, санның дәрежесін табу

29. Программа нәтижесінде тек бір ғана жауап шығу үшін программаны толықтыру

A)

```
    y=y//10
if sumn=sumn:
print (sumn, '=', sumn)
else:
print (sumn, '<>', sumn)
```

B)

```
    y=y//10
if sumn=sumn:
print (sumn, '=', sumn)
elif:
print (sumn, '<>', sumn)
```

C)

```
    y=y//10
if sumn=sumn:
print (sumn, '=', sumn)
print (sumn, '<>', sumn)
```

D)

```
    y=y//10
if sumn=sumn:
print (sumn, '=', sumn)
print (sumn, '<>', sumn)
```

30. Программаға толықтырулар жүргізгеннен кейін, бірінші билетке 456879 және екінші билетке 598741 нөмірлерін енгізгендегі нәтиже

A) 40<>39

B) 39 <> 34

C) 34=34

D) 39 = 39

Нұсқау: Сізге сәйкестікті анықтауға арналған тапсырмалар беріледі.

31. Берілген құрылғылар мен анықтамалары арасындағы дұрыс сәйкестікті анықтаңыз.

А)	Көптеген жартылай өткізгішті элементтерден тұратын, компьютерде барлық есептеу мен ақпарат өңдеу жұмыстарын жүргізетін электронды микросхема	сопроцессор
		чипсет
		процессор
		BIOS
В)	орталық процессордың шалғай құрылғыларымен деректер алмасу жұмысын жасақтайтын, аналық тақшада орналасқан микросхемалар жиынтығы	сопроцессор
		чипсет
		процессор
		BIOS

32. Берілген логикалық өрнектің сәйкес мәндерін анықтаңыз

A	B	?
1	1	
1	0	
0	1	
0	0	

А)	$(A \wedge B) \vee A$	1 0 0 0
		1 0 1 0
		1 1 0 0
		0 1 1 1
В)	$(A \vee B) \wedge B$	1 0 0 0
		1 0 1 0
		1 1 0 0
		0 1 1 1

33. Берілген программа кодтары мен нәтижелері арасында дұрыс сәйкестікті анықтаңдар.

A)	<pre>s= "Python is a high programming language" print(s.replace('a','b')) print(s.count(' ',+1))</pre>	'a' әрпін 'b' әрпіне ауыстырады және сөздердің санын санайды
		'a' әрпін 'b' әрпіне ауыстырады және символдардың санын санайды
		17
		21
B)	<pre>s= "Python programming language" print(s.find('g',11,26))</pre>	'a' әрпін 'b' әрпіне ауыстырады және сөздердің санын санайды
		'a' әрпін 'b' әрпіне ауыстырады және символдардың санын санайды
		17
		21

34. Берілген программа үзіндісіндегі сұрыптау әдістерін сәйкестендір

A)	<pre>print(a) for j in range(n-1): for i in range(n-1): if (a[i]>a[i+1]): a[i],a[i+1]=a[i+1], a[i] print(a)</pre>	көпіршік
		кірістіру
		таңдау
		жылдам
B)	<pre>for i in range(n-1): min=i for j in range(i+1,n): if (a[j]<a[i]): a[i],a[j]=a[j], a[i]</pre>	көпіршік
		кірістіру
		таңдау
		жылдам

35. Берілген командалар мен қызметтері арасында дұрыс сәйкестікті анықтаңдар.

А)	<code><p style="color:navy; font-size:14px;">CSS (Cascading Style Sheets)</p></code>	ішкі стиль
		стильдер кестесін іске қосады
		сыртқы файлды құжатпен байланыстырады
		қолданушы стилі
В)	<code><link rel="stylesheet" href="style.css"></code>	ішкі стиль
		стильдер кестесін іске қосады
		сыртқы файлды құжатпен байланыстырады
		қолданушы стилі

Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.

36. Реляциондық деректер қорындағы кестенің негізгі қасиеттері

- A) кестедегі бағандардың орналасу тәртібі маңызды емес
- B) әр кесте объектінің әр түрлі класын сипаттайды
- C) кестедегі жолдар ретінің орналасуы анықталған
- D) бір бағанның барлық мәндері бір деректер типіне жатады
- E) әрбір бағанның кесте ішінде қайталанбайтын аты бар
- F) әрбір бағанның аты кесте ішінде қайталанады

37. 126_{10} санын екілік және он алтылық жүйеге ауыстырғандағы нәтижесі

- A) 15_8
- B) 11100_2
- C) 11_8
- D) $7E_{16}$
- E) 1001001_2
- F) 1111110_2

38. Кестедегі бастапқы кілт бола алатын өрістер

ID	Тегі	Аты	Туған жылы	Мекен-жайы	Телефон номері
1	Нұрсейітов	Санжар	22.11.2006	Абылайхан даңғ., 54	87777195507
2	Бауыржанқызы	Данеля	04.08.2007	Майлин көшесі, 14	87767585685
3	Разина	Еңлік	24.10.2007	Құрманғазы көшесі, 25	87012569871

- A) Аты
- B) Тегі
- C) Туған жылы
- D) ID
- E) Мекен-жайы
- F) Телефон номері

39. A&B өрнегінің мәні

A	B	A&B
0	0	
0	1	
1	0	
1	1	

A)

$\neg A$
жалған
жалған
ақиқат
ақиқат

B)

$\neg A$
ақиқат
ақиқат
жалған
жалған

C)

$\neg A$
ақиқат
жалған
ақиқат
жалған

D)

$\neg A$
ақиқат
ақиқат
ақиқат
ақиқат

E)

$\neg A$
жалған
жалған
жалған
ақиқат

F)

$\neg A$
жалған
ақиқат
ақиқат
ақиқат

40. Берілген html- кодта жолды оң жақ шетіне туралау тегі

```
<html>
<head>
<title> Дербес компьютер </title>
<head>
<body bgcolor="red">
<font color="#FF0000"><h3 align=center>
Дербес компьютердің құрылғылары</h3></font>
<br>


</br>
</body>
</html>
```

- A)
- B) <src>
- C) <color>
- D) <title>
- E)

- F) <align>

ИНФОРМАТИКАДАН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ